



БҰЙРЫҚ

«24» 05 2021 ж.г.
Қызылорда қаласы

**Банкроттықты басқарушыны
шеттету туралы**

ПРИКАЗ

№ 215-0
город Кызылорда

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабы 3) тармақшасына, 89-бабы 2-тармағы 21) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №343 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларының 12 тармағы 2) тармақшасына және Б.Ә. Әбжәмидің банкроттықты басқарушысы қызметінен босату туралы 2021 жылғы 21 мамырдағы арызы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттықты басқарушы Әбжәми Бауыржан Әбдіғаниұлы «Салт Р» ЖШС БСН 060640020988 мүліктері мен істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Б.Ә.Әбжәми үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді камтамасыз етсін.

3. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2021 жылғы 29 наурыздағы №128-Ө бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау берешектермен жұмыс басқармасына жүктелсін.

Департамент басшысы

Ғ. Орынов